



«Бекітілген»

№32 «Қуаныш» балабақшасының
менгерушісі: Р.А.Лекерова

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасында 2026-2027 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңес жоспары**

№	Әдістемелік кеңес тақырыбы және қаралатын мәселелер	Өткізу формасы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың басым бағыттары» 1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы. 2. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау. 3. Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтау. 4. Жас педагогтермен жұмысты ұйымдастыру.	Талқылау, жоспарлау	Қыркүйек	Менгеруші, әдіскер
2	«Педагогтің кәсіби дамуы – сапалы білім берудің негізі» 1. Педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын бекіту. 2. Кәсіби шеберлікті арттыру жолдары. 3. Педагогикалық тәжірибе алмасу. 4. Әдістемелік көмек көрсету бағыттары.	Семинар-практикум	Қазан	Әдіскер, педагогтер
3	«Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар» 1. Ойын технологияларын тиімді пайдалану. 2. Интерактивті әдістерді қолдану. 3. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. 4. Педагогтердің тәжірибесінен тиімді әдістер.	Шеберлік сағаты, тәжірибе алмасу	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
4	«Баланың жеке дамуын қолдау: бақылау, мониторинг және түзету жұмыстары» 1. Балалардың жеке даму карталарымен жұмыс. 2. Бастапқы мониторинг нәтижелерін талдау. 3. Балалардың дамуындағы қиындықтарды анықтау. 4. Жеке жұмыс түрлерін жоспарлау.	Практикалық семинар	Желтоқсан	Әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер
5	«Бірінші жартыжылдықтағы әдістемелік жұмыстың нәтижелері» 1. Әдістемелік жоспардың орындалуы. 2. Педагогтердің кәсіби жетістіктері. 3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижелері. 4. Анықталған мәселелер және оларды шешу жолдары.	Талдау, рефлексия	Қаңтар	Әдіскер, педагогтер
6	«Балалардың шығармашылық қабілетін дамытудағы тиімді әдістер» 1. Шығармашылық ортаны ұйымдастыру.	Шығармашылық шеберхана	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі

	2. Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, музыка арқылы баланың шығармашылығын дамыту. 3. Еркін шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыру. 4. Шығармашылық жұмыстар көрмесін ұйымдастыру.			
7	«Экологиялық мәдениет және еңбек тәрбиесі» 1. Балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдары. 2. Балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру. 3. Экологиялық дамытушы ортаны жетілдіру. 4. Экологиялық жобалар мен іс-шараларды ұйымдастыру.	Семинар-практикум, тәжірибелік жұмыс	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
8	«Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің мектепке дайындығын қамтамасыз етудегі педагогтің рөлі» 1. Мектепалды жастағы балалардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру. 2. Танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту. 3. Баланың мектепке психологиялық дайындығы. 4. Ата-анамен бірлескен жұмыстың тиімді формалары.	Дөңгелек үстел, тәжірибе алмасу	Сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог
9	«2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы» 1. Әдістемелік кеңес жоспарының орындалуын талдау. 2. Педагогтердің кәсіби даму нәтижелері. 3. Балалардың даму мониторингінің қорытынды нәтижелері. 4. Озық педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату. 5. Келесі оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын белгілеу.	Қорытынды кеңес, рефлексия	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 28.08.2026ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Жаңа оқу жылына дайындық

1. 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы.
2. «2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың басым бағыттары».
3. Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтау және өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Жас педагогтермен әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Әдіскер Боташова У.Ж. 2025–2026 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстардың қорытындысына тоқталды. Оқу жылында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу, семинарлар мен практикалық жұмыстар ұйымдастыру бағытында жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

Педагогтердің шығармашылық ізденістерін қолдау, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді білім беру процесіне енгізу бойынша жұмыстар атқарылғаны айтылды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Бимашева Ф.Ж. педагогтердің өзара тәжірибе алмасуының тиімділігіне тоқталып, келесі оқу жылында практикалық жұмыстар мен шеберлік сағаттарын көбейту қажеттігін ұсынды.

2. Әдіскер Боташова У.Ж. 2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарымен таныстырды.

Негізгі бағыттар:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- заманауи педагогикалық технологияларды қолдану;
- балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескеру;
- тәжірибе алмасу және озық педагогикалық тәжірибені тарату;
- педагогтердің шығармашылық және зерттеушілік белсенділігін арттыру;
- өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жүйелеу.

Әдістемелік кеңестің қыркүйек–мамыр айларына арналған жұмыс жоспары ұсынылып, талқыланды.

3. Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу, педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын нақтылау және әдістемелік қолдау көрсету ұсынылды.

Өр педагог өзінің кәсіби даму бағыты бойынша жеке жұмыс жоспарын жүргізіп, жыл бойы жинақталған тәжірибесін әдістемелік кеңесте ұсынуы қажет екендігі айтылды.

4. Жас педагогтерге тәжірибелі тәрбиешілер тарапынан әдістемелік көмек көрсету, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау, құжаттарды жүргізу және балалармен жұмыс жүргізу әдістері бойынша тәлімгерлік ұйымдастыру мәселесі қаралды.

Қаулы:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілсін.
3. Өр педагогтің өзіндік білім жетілдіру тақырыбы бекітіліп, жүйелі жұмыс жүргізілсін.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

 **Лекерова Р.А.**

Хатшы:

 **Боташова У.Ж.**